

**Ақтөбе облысы Байғанин ауданы "Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы марапаттауға ұсыну жөніндегі
комиссия отырысының хаттамасы**

2023 жылғы 04 қыркүйек

№2 Байғанин ауданы

Төрағалық етуші: 1 .А.Тлеулина - " Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, комиссия төрайымы;

Хатшы:С.Таңатарова-директордың әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары;

Комиссия мүшелері:

2. С.Камаладинова - мектеп қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрайымы;

3. Ш.Хусайнова - тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары;

4. А.Тажобаева- тарих-география пән бірлестігінің жетекшісі

5. .И.Суйесинов -қамқоршылық кеңес төрағасы.

Күн тәртібінде:

1. Ақтөбе облысы Байғанин ауданы " Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін Оқу -ағарту министрінің марапатына ұсыну туралы Талқыланды:

" Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің қолдаулары негізінде, комиссия отырысына келіп түскен ұсыныстарды саралай келе, " Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі" КММ-нің жанындағы білім саласы қызметкерлерін марапаттау жөніндегі комиссия ауданның білім беру саласын дамытуда үздіксіз қызмет етіп, шығармашылық жұмыстарымен жетістіктерге жетіп жүрген «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ-нің 30 жыл еңбек өтілі бар, тарих пәні мұғалімі, Машарикова Гулхан Сериковна ауданның білім саласына қосқан еңбегін ескере отырып, Білім және Ғылым Министрінің марапатына ұсыну туралы мәселе талқыланып,

«Орта білім беру ісінің үздігі» құрмет дипломына ұсынады.

Сөз сөйлеушілер:

1. Ш.Хусайнова - тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары:

Машарикова Гулхан Сериковна - шығармашыл ұстаз. Бірнеше жыл мектептің қоғамдық-гуманитарлық бірлестігінің жетекшісі, Білім беру басқару органдары, білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған педагогтерге арналған аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық конкурстар мен өзге де жарыстардың жүлдегері. Жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың, әлеуметтік әріптестердің, қоғамдық ұйымдардың алғыс хаттарының, Құрмет грамоталарының иесі.

2. А.Тажобаева – тарих-география пән бірлестігінің жетекшісі:

Машарикова Гулхан Сериковна -жаңашылдыққа құмар, үнемі ізденіс үстінде жүретін ұстаз өзінің кәсіби шеберлігін шыңдап, шәкірттеріне бүгінгі өмір талабына сай сапалы білім беріп, жаңаша оқыту технологияларын меңгерген және өз тәжірибесінде табысты қолданып жүрген ұстаз. Г. Машариковға аудандық, облыстық, республикалық пән мұғалімдері арасындағы түрлі педагогикалық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпазы атанды. Түрлі семинарларда өз іс-тәжірибесімен бөлісіп жүрген білікті маман. Ұйымдастырушылық қабілетілігімен қоса өз педагогикалық шеберлігінің арқасында оқушылары республикалық, облыстық жарыстарда жүлделі орындарға қол жеткізді. Өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі абыройлы еңбегі үшін аудандық білім бөлімі, облыстық білім басқармасының, Қазақстандық салалық Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Құрмет грамотасымен марапатталды.

3. И.Суйесинов -қамқоршылық кеңес төрағасы:

Машарикова Гулхан Сериковна -білім беру саласындағы шығармашылық жұмыстары мен тәуелсіз еліміздің болашақ иелерін тәрбиелеуде аудан, облыс, республика көлемінде де танымал болып жүрген ұстаз, Өзін жауапкершілігі мол тұлға ретінде танытты.

4. С.Камаладинова - мектеп қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы:

Машарикова Гулхан Сериковна - мінезі ашық, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, шығармашылықпен жұмыс жасайтын үлгілі ұстаз және пән мұғалімі ретінде елеулі педагогикалық жұмыстарды жүзеге асырды. Моральдық жағынан ұстамды және өз ісіне жауапкершілікпен қарайды. Алдағы уақытта әлі де жемісті еңбек ете отырып, ұстаздың берері көп деуге сенім мол . Сондықтан, тарих пәні мұғалімі Машарикова Гулхан Сериковна «Орта білім беру ісінің үздігі» құрмет дипломына марапатталуға ұсынылуы лайықты деп есептеймін.

Шешім қабылданды:

1.«Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ-нің тарих пәні мұғалімі Машарикова Гулхан Сериковна Сериковна «Орта білім беру ісінің үздігі» құрмет дипломына марапатталуға ұсынылды.

Төрағалық етуші:

А Тлеулина

Хатшы:

С.Таңатарова

Комиссия мүшелері:

С. Камаладинова

А. Тажибаева

И.Суйесинов

Ш. Хусайнова

